

Болашақты бастап берген бала шақ

Адамның саналы өмірінің шалқар дариясы тұнық тұмалы балалық шақтан бастау алатыны, ер жігіттің бақытының дарағы туған жерден тамыр тартатыны дүйім жұртқа белгілі ақиқат. Олай болса, тарихтың толғақты тұсында тұңғыш рет жаңа тұрпатты тәуелсіз Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған, ерен тұлға екендігін әлемдік қоғамдастық қапысыз мойындаған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың туған жері, кіндік қаны тамған кіші Отаны – Алматы іргесіндегі Қаскелең, соған жалғас Шамалған ауылы, оның аржағындағы Үшқоңырдың тауы мен жайлауы. Қазақстанның болашақ Президентінің балалық шағы осы жерлерде өткен. Сол балалық шағында-ақ бойындағы асыл қасиеттердің алғашқы белгілері бой көрсетіп, бұр жарған. Оның үстіне “Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары” деген толайым тағылымды да еске алайықшы. Өйткені, Президент те ең әуелі ет жүректі адам ғой. Бұл күндерде әлем таныған ұлт көшбасшысына, бүтін бір халықтың үкілеген үміті мен мақтанышына айналған аса көрнекті саясаткер һәм қайраткер тұлға да бір кездерде бала болған. Бүгінгі шырқау биікке шарықтап, Алатаудың текті мұзбалағындай самғап көтерілу, Қазақ елінің тағдыр-талайының құбыланамасы болу феноменінің сыр-себепін ең алдымен туған жерден, балалық шақтан тартып суыртпақтауымыз керек сияқты. Елдің бағын ашқан Ер тудырғаны туған топыраққа, ортасынан осындай ел бастаған кемеңгер шығарғаны туған ауылға мерей. Әрине, Нұрағанның перзенттік сағынышының бұлжымас Қағбасындай осынау туған өңірдің қасиет қайнарлары бөлек әңгіменің өзегі. Ал туған жер, балалық шақ, бала күнгі достар әрдайым Елбасы көңілінің төрінде. Туған ауылға Нұрсұлтан Әбішұлы мүмкіндігінше ат ізін салып тұрады, бал-дәурен балалық шақтағы достарды, бірге оқыған сыныптас жора-жолдастарды ұмытпайды, достық дәнекерін үзбейді. Сондықтан да біз ел Президентінің болашағын бастап берген бала шағы туралы әңгімеге оның Шамалған ауылындағы бала күнгі досы, тоғыз жыл бірге оқыған сыныптасы Нүсіпхан Нұрмағанбетұлын, қатар өскен құралпас туыс әпкесі Шара Шегебайқызы Қатубаеваны, сондай-ақ 1958 жылы Қаскелеңдегі Абай атындағы орта мектепті бірге бітірген сыныптас достары Жомарт Исабекұлы Сексенбаев пен Сайлаубек Қасенбайұлы Қыдырәлиевті тартқан едік.

Нүсіпхан НҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ, зейнеткер, Шамалған ауылы:

– Өзім есімді біліп, көзімді ашқаннан ауылда алғаш таныған балам Нұрсұлтан еді. Бірінші класқа да бірге бардық, бірге оқыдық. Осы Шамалғанда “Колхозная” деп аталатын бір көшенің бойында тұрдық. Әбіш ағаның үйі, менің әкемнің Тұзақ, Жұмақан деген бауырларының үйі – бәрі қатар орналасты. Біздің үй мен ол үйдің арасында Әбет деген кісінің үйі болды. Қазақы ұғымға салғанда, бәріміз бір атаның баласымыз. Сонда да болса Әбіш аға біздің шалды, менің кіші әкем Жұмақанды сондай жақсы көретін. Екеуінің көңілдері өте жақсы болды. Дос. Құрдас. Бір-бірін туған бауырдан артық сыйлайтын. Бір-бірін көрмесе, “қайда жүр?” деп сағынып іздейтін. Бастары қосылса, әңгімені соғып таңға дейін отыратын.

Елуінші жылдардың басында ғой деймін, қыс айрықша қатты болып, колхоздың малы түгелдей тауда қыстап шықты, төменге түсірмеді. Содан Шамалғандағы “Фурманов” колхозының бастығы Ивакин: “Сол жерде өзің бас-көз болып басқарғын” деп Әбіш ағаны

отбасымен тауға жібереді. Есімде, Әбіш аға менің шешеме келіп: “Әй, Зағипа жеңеше, ана басқарма Федор Ивакин бізді тауға жіберіп жатыр. Мына Сұлтан мен Нүсіпхан бірге болсын”, – деді. Содан Нұрсұлтан біздің үйде қалды. Екеуміз бір қыс бір үйде, бір төсекте жатып оқыдық. Мектепке бірге барамыз, бірге келеміз. Бірге ойнаймыз, бірге сабақ қараймыз. Әйтеуір Сұлтан екеуміздің жұбымыз жазылмайтын. Үйде не барды бөліп жедік, бір жапырақ нан болса екеумізге бөліп береді. Шешем Зағипа колхозда сауыншы. Фермадан сүт ала келіп, екеумізге пісіріп беруші еді, жарықтық. Бетінің қаймағын сыпырып, табаның түбіндегі қаспағына дейін қырып бөліп жейтін, қызығы мен мұңы аралас, қимас балалық шағымыздың бір үзік суреті осындай... Нұрсұлтанға рахмет, 1992 жылы апам қайтыс болғанда Сара Алпысқызы екеуі келіп көңіл айтты. Қойғанда бірге болып, топырақ салды.

Ал енді Нұрсұлтан сабағын өте жақсы, кілең беспен оқыды. Өте зейінді, зерек бала болды. Мұғалімнің айтқан бір сөзін де қағас жібермей, қағып алып отыратын. Бала кезде не болмайды? Біз жүгіріп ойнап кетеміз. Сұлтан болса, қолынан кітап түспейді, оқитыны – тек кітап. Әрқашан салмақты, байыптылығынан жазбайды. Қақ-соққа кіріспейтін, өте ұстамды болатын. Бір ғажабы, бала да болса өзін үлкен кісілер қатты сыйлап тұратын. Қарасаев Жылқыбай деген бір мұғалім болды. Өзі соғысқа барып келген кісі еді. Ол кісі жүргенде мектепте ұшқан шыбынның ғана ызыңы естілетін. Сондай сұсты, қатал адам болатын. Бірде бәріміз шуылдап, ойнап, апыр-топыр болып сыныпқа кірдік. Сөйтсек, Нұрсұлтан жайымен ғана партада отыр. Осыны көрген Қарасаев әлгі жерде: “Мына Нұрсұлтаннан басқаларың бәрің өгіз айдайсыңдар. Алысып-жұлысып, түйебас ойнап жүргендерің мынау!” деп ұрысты бәрімізге. Сол ұстазымыз сонда нағыз әулиенің сөзін айтқан екен.

Нұрсұлтан өз анасын жеңеше дейтін де, әжесі Мырзабаланы апа дейтін. Нұрсұлтанның айтуымен Әлжан апаны бүкіл ауыл жеңеше деп атап кетті. Апамдардың айтқанынан естимін ғой, кішкентай кезінде Сұлтанды анасы емізіп болғаннан кейін Мырзабала әжесі қайтадан өзі алып алатын көрінеді. Зарығып ұзақ күтіп көрген бала болғандықтан, көз тимесін деп, көйлегінің етегімен жауып қояды екен. Осылай ырымдап, қорғалып-қоршалып өскен досым Нұрсұлтан жасында жақсы тәрбие де көрді. Әке-шешесінің бар тілегі әсіресе осы тұңғыштарының үстінде болды. Әбіш аға балам орысша жақсы сөйлеп үйренсін деп ылғи қазақ тұратын Колхозная көшесінен Панфилов көшесіне көшіп, қоныс аударды. Мұнда орысша сөйлеушілер көп. Осындағы Кесікбай деген бір жылқышы кісімен үйін айырбастады. Нұрекеннің әуелден орысша таза сөйлеуіне осы жағдайдың, әкесінің бала болашағын бастан ойлауының да көп септігі тиді ғой деп пайымдаймын.

Шамалғанда біраз ұлттардың басы қосылды. Чешендер, болгарлар, түріктер келді.

Орыстар бар. Ауылдың, көше-көшенің балалары кейде топтасып, бір-бірімен ренжісіп, шекісіп қалатын жағдайлар да болып тұратын. Нұрсұлтан осындай кездерде әділеттілігімен танылды. Құралыптастардың бәріне айтқанын тыңдататын, төбелес жағына барғызбайтын. Екі дай топтың дұрыс-бұрысын анықтап, татуластырып отырғаны талай басымыздан өткен, болған әңгіме.

Бала күнімізде талай қызықты бірге өткердік. Тау ішінің қойнау-қойнауын аралап кезіп кететінбіз. Ешкібүлдірген, қойбүлдірген теретінбіз, бұлақтардан тәтті су ішетінбіз. Біздің әкеміз Жұмақан деген кісі мал бағады. Малға барғанда атқа мініп серуен құрамыз. Қызық

үшін еліктің лақтарын қуалаймыз, бірақ зәбір жасамаймыз. Үшқоңырдың ол шеті мен бұл шетін Нұрсұлтан екеуіміз сәйгүлікке мініп талай дүбірлеткенбіз.

Нұрсұлтан мектеп бітіргеннен кейін Теміртауға кетті. Одан кейінгі жағдайларды ел біледі. Жыл сайын ауылға демалысқа келіп тұрды. Сонда бос қарап отырмайды. Әкесіне болысады, ағаш жарады. Анау-мынау, үйдегі тіршілік қой енді. Барлық шаруаны атқарады. Сонда ағайын-туғандар осы жерде көп еді. Бәрі бір үлкен төре келгендей: “Сұлтан келіпті! Нұрсұлтан келіпті!” деп мәре-сәре боп, жас та болса жапырыла құрметтеп, үйлеріне кезек-кезек шақырып қонақ қылатын. Таң қалатыным, сол кездің өзінде үлкен әкім келгендей сый көрсететін. Қарындағы майын ашып, қымбат қонаққа сақтағанын дастарханға төгетін. Бұрын Алматыда Орталық комитеттің хатшысы болып тұрғанда Нұрекеңе еркін кіруші едім. Қазір, енді, артық мазалауға болмайды. Тәртіп керек қой. Елбасымыз осы Шамалғандағы үйіне келіп қалғанында өзі шақыртып алады. “Жағдайың қалай? Бәрі дұрыс па?” деп хал-жайымызды сұрайды. Ал бізде басқа бұйымтай болмайды. Құдайға шүкір, бұйырғанның бәрі бар. Маған Президенттің бала күнгі досы дегеннен артық бақыт болмақ емес. Жалғыз ғана тілек: Нұрсұлтан досым аман болсын, қасындағы азаматтар аман болсын!

Шара ҚАТУБАЕВА, зейнеткер, Шамалған ауылы:

– Нұрсұлтанның әжесі Мырзабала мен менің әжем Түңіл апалы-сіңлілі, ал Әбіш аға мен менің әкем Шегебай туған бөлелер. Сондықтан да тонның ішкі бауындай араласты. Ал Нұрсұлтанның шешесі Әлжан мен менің шешем Әсет Үшқоңырда бірге өскен жақын дос, жақсы құрбылар екен. Соғыстан бұрын Әбіш ағалар Үшқоңырда болған ғой. Онда биокOMBИНАТтың филиалы, мықты подхоз орнап тұрған.

Әке-шешелеріміз туыс әрі дос болғасын Нұрсұлтанды тегі есім кірер-кірмес кішкентайымнан біліп, бірге өскен қызбын ғой. Әсет шешемнің төркіні алыста. Сонда төркіндеп кеткенде мені ылғи Әбіш ағаның үйіне табыстап қалдырады. Әлжан жеңешемнің бірденесі болса, Нұрсұлтанды біздің үйге әкеліп тастайды. Екеуіміз тайкұлындай тебісіп бірге өстік. Нұрсұлтаннан бір жарым жас үлкендігім бар, мені әлі күнге дейін әпкем деп отырады.

Үшқоңырда мектеп болмағандықтан, мен бесінші-алтыншы сыныптарды Шамалғанда, Әбіш ағалардың қолында оқыдым. Аға-жеңгем өз қызындай мәпелеп ұстады. Әсет шешем менің 13 жасымда қайтыс боп кетті. Содан соң Әлжан жеңешем мені бауырына тартып, жаны ашып, жақсы көріп, қамқор болатын.

Нұрсұлтанды үйде бәріміз Сұлтан дейміз. Сұлтан ақылды, жақсы бала болып өсті. Үй ішіне де, әке-шешесіне де жайлы. Әкесінің бір сөзін екі етпейтін. Сол үйдегі баланың үлкені болғаннан кейін қарды күреу, отынды жару, көктемде бау-шарбақ отырғызу сияқты барлық жұмыстар Сұлтанның мойнында еді. Ол анау-мынау деп қиқаңдап, кейбір балаларша жұмыстан қашпайтын, сабағын да үлгеріп үздік оқитын. Әке-шешеге жасынан қайырымды, мейірімді болды. Артындағы екі іні, бір қарындасына да жаны ашығыш еді. Сатыбалды деген інісі еркелеу болып өсті. Сабақтан қашып кетеді. Бір күн барса, үш күн ойнап қалып қояды. Содан бір күні мұғалімі келіп: “Мына Сатыбалды сабаққа келмей жүр” деп үстінен шағым айтыпты. Жеңгейдің ашуы келіп, баланы қолына кітап ұстатып, сыртынан құлып салып, моншаға қамап қояды. Әнипа деген қарындасы 5-6 жаста, есі кіріп қалған ғой, бір уақытта Сұлтан бір жақтан келсе, алдынан жүгіріп шығып: “Сатыбалдыны жеңешем (анасын Нұрсұлтан атап кеткендей, балалардың бәрі жеңеше дейді) қамап қойды,

моншада жылап отыр”, деп сыбыр етіп жеткізеді. Содан Сұлтан ақырын жасырынып барып, терезенің әйнегін еппен алып, Сатыбалдыны білдірмей шығарып жіберіпті. Сыртта құлып тұрғасын жеңешеміз: “Сатыбалды моншада отыр” деп алаңсыз жүре берген. Сонан кешке асқа отыра бергенде Әбіш ағамыз: “Ау, Сашка жоқ қой. Сашка қайда?” деп Сатыбалдыны іздейді. Сөйткенде жеңешем ақырын орнынан тұрып кетіп, барып баланы шығарайын деп құлыпты ашса, бала жоқ. Бұл кісі: “Әй, бұл қайда, мен кіргізіп едім ғой, кітабы тұр ғой. Өзі жоқ. Бұл қалай?” деп шошып қалады. Үйге қайта жүгіріп кіріп: “Ей, Сатыбалды жоқ. Қайда кетті ол?” деп ары-бері мазасызданып, дегбір-тағат таппайды. Сөйтсе Сұлтан отырып: “Е, балаң мұржадан шығып кеткен ғой”, деп мырс етіп күліпті. Кейін жеңешем айтады ғой: “Сасқанымнан жүгіріп барып мұржаны қараппын ғой сығалап” дейді ғой.

Әбіш ағамыздың өзі момын болса да, сондай сабырлы, тереңнен ойлайтын, еңбекқор кісі еді. Еңбекқорлығы сол, наурыздың соңы, сәуірдің басында жеделдетіп картобын отырғызып тастайтын. Жаздың ортасында оны қазып алып сатып тастайды. Орнына қайтадан картоп салып, күзде қайта қазады. Осының бәріне бел шешіп көмектесіп, басында жүретін Нұрсұлтан.

Әбіш аға бригадир, ферма меңгерушісі болып, ауылдағы әртүрлі жұмыстарды басқарып жүрді. Болгарлар, түріктер, чешендер жаңа көшіп келген кезінде солардың кем-кетігіне, отын-суына көмектесіп, бәрімен тіл табысып, чешенмен чешенше, орыспен орысша ұғысып, балаларымен балалары достасып кетті.

Және бір ғажабы, бұл кісілердің өздерінің осы Шамалғанда орыстардан портнойы – киім тігуші ісмері болды. Ағамыздың досы. Оған Нұрсұлтанға, басқа ұлдарына арнайы киім, кәстөм-шалбар тіккізіп беретін. Ұлдарын сөйтіп ерекше ұстады. Содан кейін бір пимакат Иван деген досы болды. Бәріміздің аяғымызға пима бастырып беруші еді. Әнипа, жеңешем үшеуімізге ақ пима. Ағамыз сондай, үйдің шаруасына тастай болатын.

Әбіш аға мен жеңгеміз біраз жыл балалары болмай жабырқап жүріп, содан құдайдың құдіретімен осы Сұлтан өздеріне бір ерекше қуаныш болып келді. “Қызығымның басы, отымның алды, суымның тұнығы, балаларымның төресі...” деп Сұлтанын Әлжан апа айналып-толғанатын. “Сұлтаныма келген қыздың маңдайының ырысы бес елі” деп отыратын. Енді, баласының мінез-құлқын байқайды ғой. Шынында да Сұлтанның мінезі қыздай еді. Мектепте оқудың озаты. Бірақ ол “мен мынандаймын” демейді. Қарапайым. Кішіпейіл. Жан-жағына мейірімді бала болды. Ойға алғанын істемей қоймайтын қайсар. Бала күнінен батыр еді. Мектепті бітіре сап 17 жасында сонау Украинаға тартып кетуі – о да батырлығы ғой. Бет-алды бала бара ма? Кейбіреу баласын жетектесе де бармас еді сол жерге. Бұл болса өзі жарып шықты. Әйтеуір әкесі малын сатып, ақшасын салып, жолына көлденең тұрмай, бара ғой деп батасын беріп, тілегін тілеп отыратын. “Әке – балаға сыншы” дегендей, осы баламнан бірдеңе шығады деп байқайды ғой.

Тағы да “бала күнінен батыр еді” дейтінім, қыс бойы аяғынан шаңғы түспей, мына Үшқоңырға шаңғымен нешеме рет шығып келетін. Назарбай атаның Жанымбай деген ағасы бопты. Сол кісінің баласы Мәмбетбай ата Үшқоңырда отырды ғой. Сұлтан сондағы отыз шақырымдай Үшқарасай деген жерге шаңғымен жолсыз тура жүріп барып қайтады. “Мына таудан асып түстім” деп отырады. Содан бір күні жеңешеміз: “Әй, сен таудан түскенің қалай? Тау іші, жолсызбен жүрме. Ол Үшқоңырда қасқырдың апаны болады. Аңдаусызда түсіп кетесің. Жолсыз жермен жүргенің несі?” деп шырқырады. Сонда Сұлтан:

“Е, шаңғының таяғымен ұрып жықпаймын ба? Қасқырдан кім қорқады?” деп күлетін де қоятын. Үшқоңырды тегі жақсы көретін. Жаз бойы жайлаудың қызығына достарын ертіп, Үшқоңырға шығып кететін. Аржағында Мәмбетбай атадан, менің әкемнен жақсы ат мініп, жайлауды аралап кетеді, “Көкпарға барып келдім, бәйгені көріп келдім” деп отыратын. Ол жақтағылар да: “Сұлтанымыз келді!” деп, Сұлтан десе жандарын үзеді.

Жалпы, Сұлтанның өңі, мінезі, отырған жерін думан қылып күлдіріп отыруы, қалжың айтып, тауып сөйлеуі мамасына тартқан. Әлжан жеңешеміз бесаспап жақсы кісі еді ғой. Ол кісінің қолынан бәрі келетін: іс те, сөз де. Ағайынның арасында қадірі тегі жақсы еді. Ол кісісіз бұл ауылда той өтпейтін. Өлім-жітімнің де артын күтудің бәрін сол кісі басқарып жүретін. Қыз ұзатылса, келін түссе, тізгін жеңешемізде болатын. Осындай ұйтқылық, көпшілдік қасиет Нұрсұлтанға анасынан дарыған.

Әбіш ағаның үйі үлкен екі бөлме болды. Сұлтан екеуміз қатар сыныпта оқыдық, сабақты бір үстел басында отырып дайындаймыз. Сатыбалды ініміз жармасып, менің қасымда отырады. Өйткені, ол да мен сияқты орыс сыныбында оқыды. Мен сабағын қарауға көмектесемін. Өзім математикаға шорқақпын. Маған Сұлтан көмектеседі. Жазып беріп, көшіріп ал демейтін. Есепті қалай шығарудың жолын түсіндіріп қана айтатын. Өзі қазақ сыныбының бағдарламасын місе тұтпайтын. Орыс әдебиетін орыс сыныбының оқулығынан оқитын. Шығарма жазса бағдарлама шеңберінде қалмай, ұлғайтыңқырап жазып отыратын. Қазақ сыныбында оқыса да орыс әдебиетін орыс сыныбының дәрежесінде білетін. Пушкин, Чернышевский, Некрасов. Фадеевтің “Молодая гвардиясы”. Басқа да кітаптарды көп оқитын. “Ботагөз”, “Абай жолы”, “Робинзон Крузо”, “Гулливердің саяхаты”. Дәу-дәу кітаптарды кітапханадан алып оқиды. Бірнеше кітапты қатар бермесе, маған алғызады. Түнде майшаммен оқиды. Сосын Әбіш аға үйге елден бұрын электр жарығын кіргізді.

Кейін мен ертерек тұрмыс құрып, жай жұмыс істедім. Шалым екеуміз 47 жыл жақсы өмір сүрдік. Бес-алты бала өсірдік. Қазір 17 немерем, 3 шөберем бар. Нұрсұлтан бауырыммен араласып тұрамыз. Көзінің қырын салып, қарайласып жүреді. Анда-санда ауылға келгенде: “Өздеріңді сағынып кеттім ғой” деп жағдайымды тәптіштеп сұрайды. “Ешкімге бермей, өзің ұста” деп тағы бірдеңесін қолыма ұстатып кетеді. Бауыр ғой. “Мені сендер телевизордан күнде көресіңдер. Мен сендерді көрмеймін. Президент болсам да ет жүректі адаммын ғой, сағынамын ғой”, – деп күлетіні бар.

Нұрсұлтан бауырым осы шуақ күлкісінен жазбасын. “Бірінші байлық – денсаулық” дейді ғой, денсаулық тілеймін. Бауырым аман болсын, дені сау болсын. Жасап жатқан қыруар еңбегі алдынан шығар мол жақсылықтарға ұлассын. Елі аман болсын.

Сайлаубек ҚЫДЫРӘЛИЕВ, Қарасай аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары:

– Нүрекеңмен Қаскелеңнің Абай мектебінде 10-шы сыныпта бірге оқыдық. Бірақ біздің таныстығымыз одан сәл ертерек басталып еді. Тоғызыншыны бітірер кезде Шамалған техникумында оқитын бір жолдасыма барғам. Содан би алаңында болып, танысқан қыздарды жатақханаға шығарып салып қайтқанымызда алдымыздан төрт-бес жігіт шыға келді.

Әңгіме басталды, эне-міне шатақ шыққалы тұр. Араларында Нұрсұлтан бар екен. Шымыр денелі, орта бойлыдан жоғары, аққұба келген, маңдайы кереқарыс жігіт. Жолдастарының қызбалықпен бастаған сөзін басып тастады. Сондағы менің таңғалғаным: Нүрекең сол

жергілікті жердің баласы, бізді танымайды. Сөйте тұра, жанжал іздеген жерлестеріне жақтаспай, жаңағы жерде істі әділ шешті.

Күзде Нұрекең екеуіміз Абай мектебінде ескі таныстарша кездестік. Өзіліміз де, ойынымыз да жарасып, араласып, мектеп бітіргенше бірге жүрдік. Оның адамды үйіріп алар тартымдылық қасиеттері біздің мектепте тіпті ерекшеленіп көріне бастады. Сол кездің балаларының бәрінде білімге, өмірге құштарлық мол. Ал Нұрекең мүлдем ерекше еді. Ауылынан 9 жыл бойы беске оқып келген екен, мынау соңғы жыл. Мақсаты – алтын медаль алу. Сол мақсатқа жету үшін он шақты күн интернатта бізбен бірге жатқаннан кейін сабақ оқуға мүмкіндік болсын деп пәтерге шығып кетті.

Бірақ күнделікті біргеміз. Бір жарым айдың ішінде Нұрекең өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, сабаққа деген ынтасымен, көркем әдебиетті көп оқитындығымен бәрімізді үйіріп алды. Қазан айында комсомол ұйымының жиналысында Нұрсұлтан Назарбаевты мектептің комсомол комитетінің хатшысы етіп сайладық. Келе сала, біржарым айда ондай құрмет тегін адамға көрсетілмейді. Нұрекең осы аз уақытта өзінің кім екенін танытты. Ол кезде комсомол комитетінің хатшысы мұғалімнен кем емес. Бүкіл тәлім-тәрбие, сабақтан тыс жұмыстар түгелдей соның мойнында. Нұрекең осы жауапты жұмысты дөңгелетіп алып кетті.

Бұрын мектеп бітіруші сыныптардың мемлекеттік емтиханға дайындығы төртінші тоқсанда басталатын. Нұрсұлтан болса бізді екінші тоқсанның басында комсомол комитетінің отырысына жинап алып: “Қане, біз дұрыс білім алып шығамыз десек, емтиханға дайындықты қазірден бастауымыз керек”, деді. Сонымен, дайындықты бастадық. Нұрекеңнің ұсынысымен жақсы оқитындар нашар үлгеретіндерге көмектесті. Күндіз бос сынып болмайды. Ылғи кешкі тамақтан кейін барып дайындаламыз. Жақсы оқитын балалар дайындалып келеді де, қалғандарына түсіндіреді. Үшінші тоқсанда Нұрекең енді орташа оқитындарды тартып, оларға тақырыптар бойынша дайындалуға тапсырма беретін болды. Төртінші тоқсанда нашар оқитын балалар шама-шарқынша икемделіп қалды. Мұндай бұрын ешқашан болмаған. Біздің мектепте үлкен жаңалық болды. Мұғалімнің көмегінсіз, емтиханға өзіміз дайындаламыз. Бұл Нұрекеңнің сол кездегі жаңашылдығы, жаңалыққа құштарлығы еді. Бала кезінен-ақ бар еді бойында, қазіргіше айтқанда, лидерлік. Сол кезден-ақ бір нәрсені ойлап тауып, жаңалық ашуға тырысатын. Байқайсыз ба! Сөйтіп, екі сыныптың 42 оқушысы мамырдың 25-і күні емтиханға сақадай-сай келдік.

Ол кездегі дәстүр бойынша 7 қараша мен 1 мамырда аудан орталығының бас көшелерінде сап түзеп, ту ұстап, ән айтып шерулетіп жүреміз. Сол 1957 жылғы ең бірінші, 7 қарашадағы шеруде туды Нұрсұлтан ұстады. Сонда мектепке келгеніне екі-ақ ай болған. Оқудың үздігі, оқушылардың көшбасшысы, комсомолдың серкесі, мұғалімдер арасында беделді. Менде сол кезден қалған ескі сурет бар еді, ауданның музейіне бердім. Музейде тұр. Нұрсұлтан ту көтеріп, шеруді бастап барады. Шеру басындағы жас Нұрсұлтан сол туды әлі де қолынан түсірмей нық ұстап келе жатқан жоқ па! Жұлдызды болашақты бастап берген қадірлі бала шақ осы емес пе!

Біз мектеп бітіретін 1958 жылы Қазақстан Магниткасы ашылып жатты. Нұрекең бастаған комсомол комитеті бас болып мектеп бітірушілер Магниткаға барамыз деп үндеу тастадық. Көпшілігіміз болат қорытушы боламыз деп Оралға, Свердловскіге жолдамамен

бардық та. Бірақ әртүрлі кедергілер кездесті. Мақсатқа жетуде болаттай берік мінез танытқан жалғыз Нұрсұлтан болды.

Нүрекеңнің мектеп бітіргенде алтын медаль ала алмай қалғанына бәріміз өкіндік. Күміс медаль алды. Орыс тілінен жазылған диктантта бір үтір артық қойылды, әлде кем қойылды деді ме, әйтеуір жоғарғы жақта, облыста бір бұрмалаушылық болған сияқты. Бірақ Нүрекеңнің білімі толық алтын медальдікі болғанына әлі күнге дейін кепілдік етіп, қол қоя аламын.

Мектеп бітірер шақта виньеткаға суретке түскенбіз. Ол сурет те тұр музейде. Виньетканы Қаскелеңде құрастыра алмайды екен, Алматыдан шығаратын болды. Соған Нұрсұлтан мен пионервожатый Кенжеш деген апай барды. Нүрекең сонда суреттерді орналастырған кезде үстіне мектеп директорын, одан кейін екі сыныптың екі тәрбиешісін, екі сынып жетекшісін, содан кейін оқушылардың бірінші қатардағы қақ ортасына ең сүйікті ұстазымыз, оқу ісінің меңгерушісі әрі парторг Сейітхан Исаев ағайымызды қояды. Сейітхан ағаның сол жағына өзін, одан кейін мені, менен кейін қазіргі сыныптастар бригадирі Едіген Жүнісбековті қойыпты.

Нүрекеңмен келесі, 1959 жылдың жазында кездестім. Талғардан клуб меңгерушілерінің курсы бітіріп келгем. Шамалған техникумында оқитын Рауза деген қызбен үйленуге сөз байласқам. Сол қызды іздеп келсем, каникулдан әлі келмеген екен, содан Нүрекеңнің үйіне түстім. Днепродзержинскіден демалысқа жақында келген екен, құшақтасып қауышып, Әлжан апамның қуырдағын жеп, шайын ішіп, әбден әңгімелестік. Украинадағы оқуының жайын айтып жатыр. Мені Дәу деп атайтын. Мен оны Сұлтан деймін. Содан 31 жыл өткенде, 1990 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы ел тізгінін қолға алған шағында бір-ақ кездестік. Одан бергі уақытта Елбасы өз сыныптастарын көзінен қағыс қалдырған емес. Біз үшін ортамыздан осындай адамның, Қазақ елінің тұңғыш Президенті, Мемлекетіміздің басшысы шыққаны мерей, мақтаныш, бақыт. Құдай Нүрекеңе қуат берсін деп тілейміз. Алдына қойған барша мақсаттары орындалсын. Бүкіл әлем таң қалатын мемлекет болайық. Соған шамамыз келгенше әрқайсымыз атсалысайық.

Жомарт СЕКСЕНБАЕВ, зейнеткер, Қаскелең қаласы:

– Марқұм болған жұбайым Қантбала Жанғабылова екеуіміз Нұрсұлтан Әбішұлымен бір сыныпта бір жыл оқып, 1958 жылы Қаскелеңдегі Абай мектебін бірге бітірдік. Бұған дейін ол Шамалғанда оқыған. Қазақ сыныбының оқушылары аз болған соң оны жауып тастап, 6 бала ма екен, соларды біздің мектепке ауыстырды. Нүрекең интернатта жатқан жоқ, мектептің жанындағы бір ақсақалдың үйінде пәтерде тұрып оқыды.

Жаңадан келіп қосылса да ешбір тосырқамады, көпшіл мінезімен баурап, бірден ішімізге кіріп кетті. Аз уақытта қалай көшбасшымызға айналғанын өзіміз байқамай да қалдық.

Жақсы көрдік. Жасыратыны жоқ, ішіміздегі ең сымбатты, көріктіміз Нұрсұлтан еді.

Қыздардың бәрі оған ғашық болып жүретін. Көзі оттай жанған, бет-әлпетіне нұрлы алау тұнған осы бір бозбала жігіттің өзімізден көп-көп артықшылықтары бар екенін іштей мойындайтынбыз. Сабақты ынтасын сала жақсы оқыды. Өте еңбекқор. Қашан көрсең мектептен тыс құшақ-құшақ кітап алып оқып жүретін. Соны сабақ үстінде айтқанда мұғалімдердің өздері білмей абдырап қалатын кездері де болушы еді.

Өзі ән де салатын, домбыра да тартатын. Әрбір мейрамды құр жібермей, ойын-сауықтардың бәрін қыздыратын да өзі. Ол кезде күйтабақ, бүгінгідей музыка жоқ. Бір ескі қос қатарлы сырнай болушы еді. Нұрсұлтан досымыз сол гармоньды құйқылжыта тартып,

ылғи соның әуен-ырғағына билейтінбіз. Сондағы біздің түбін тескенше билейтін жастық шағымыздың билері танго, вальс, фокстрот болатын. Осыны ұйымдастырған Нүрекең қыз-жігіттер рахметімізді жаудыратынбыз.

Мектепті бітіре сала бірінші болып іле-шала мен үйлендім. Қантбаланы Жандосов ауылынан Қаскелеңге сыртынан брезент жапқан грузотаксимен алып келіп, енді 6 шақырым жердегі менің ауылым Әйтиге бүкіл кластастар жаяулап тартқанбыз. Тамыздың сол бір тәтті күнінде менің әке-шешеме келе жатқанымызды білдіріп, сүйінші сұраймын деп Нұрсұлтан жүгіре басып алға озған. Біз келіп жеткенде үйдің іші қуанышқа кенеліп, қойын сойып, тоқашын пісіріп, той қамына кірісіп кетіпті. Бәрі мәз. Қазақтың дәстүрімен жақсылап тұрып той өткіздік. Көкпар, бәйге, күрес. Неше түрлі ұлттық ойындар ойналды. Ойын-сауықты өткізуде тағы да Нүрекең жарқылдап көзге түсті. Біздің ауылдың үлкендері сонда мынау бір болайын деп тұрған бала екен деп баталарын берген болатын.

Мектепті бітірген соң кешегі кластастар арман қуып әр тарау жолға түстік. Біздің аудандық партия комитетіне үш баланы комсомолдық жолдамамен Украинаға оқуға жіберу жөнінде облыстан хат келіпті. Таңдау түскендердің ішінде алдымен Нүрекең, мен және Тұрар ауылынан Ерғали деген бір бала болды. Мен үйленуіме байланысты аяғыма тұсау түсіп қалып қойдым да, екі досымыз алыстағы оқуға аттанып кетті.

Днепродзержинскіде оқып жүргенінде Нүрекең екеуміз хат жазысып тұрдық. Ол хаттың аяқ жағына ылғи “Хай живе наша дружба!” деп жазатын. “Достығымыз жасай берсін!” дегені ғой. Өкінішке орай, ол хаттардың ешқайсысы сақталмады. Өттең, өттең-ай дейміз. Бірақ Нүрекеңнің өзі сол бала күнгі достығымызға өмір бақи адал болып келеді. Бір жылдан кейін демалысқа келіп, біздің үйде қонақ болғаны бар.

Алпысыншы жылдарда бір шаруамен Қарағандыға бара қалдым да, Теміртаудағы Нұрсұлтанға соқтым. Жайрандап қарсы алды. Қалалық партком хатшысы ғой деймін. Сара Алпысқызымен таныстырып, үйінде қонақ қылды. Мені Жоңқа деуші еді. “Міне, Сара, Жоңқа деген досым осы. Мен саған айтқанмын. Енді өз көзіңмен көріп тұрсың”, деп балаша қуанып, су қоймасында катермен серуендетіп, кешке мәшинесімен әуежайға жеткіздіріп салғаны есімнен кетпейді. Содан соң Орталық партия комитетінің хатшысы болып Алматыға ауысқанында екі рет қабылдауында болдым. Онда мен Нүрекеңнің туған ауылы Шамалғанда ауылдық Кеңестің төрағасы едім. Мәдениет үйіміз, дүкеніміз жоқ болатын. Сол мәселелерді халықтың атынан айтып бардым. Соларды тездетіп жоспарға қосуға көмектесті.

Елбасы өз сыныптастарын қашан да ұмытпайды. Әркез уақыт тауып кездесіп тұрады. Арамыздан Едіген Жүнісбековті бригадир етіп сайлағанбыз. Президент сыныптасы болу үлкен жауапкершілік жүктейді. Барлық жерде өзімізді осы биік мәртебеге лайықты ұстауға тырысамыз. Бізге сөз келсе, ол кісіге де бір ұшы тиіп кетер деп сақтанамыз.

Иә, ел Президентінің батыр жүрегі мен байыпты мінезі сонау бала шағында бүр жарып, көктеді. Бүгінгі әлем таныған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлы жолының сүрлеу-соқпағы туған ауылында, алтын ұя мектебінде басталды. Қазіргі түркі дүниесінің көшбасшысы ең әуелі туған топырақтан тамыр тартты.

Жазып алған Қорғанбек АМАНЖОЛ.